

## Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 951 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 1237 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 24-бабына сәйкес, сондай-ақ құрылысты, стандарттауды, метрологияны және сертификаттауды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық бөлімшелері болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) 2-қосымшаға сәйкес аумақтық бөлімшелерді құрсын.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен аумақтық бөлімшелер құру үшін Комитетке мүлкінің бір бөлігін беруді қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 18 қыркүйектегі

N 951 қаулысына 1-қосымша

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің қайта аталатын мемлекеттік мекемелері - аумақтық бөлімшелерінің тізбесі**

1. "Ақмола облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Ақмола облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Көкшетау қ.

2. "Ақтөбе облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Ақтөбе қ.

3. "Алматы облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Алматы облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Талдықорған қ.

4. "Атырау облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Атырау облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Атырау қ.

5. "Шығыс Қазақстан облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Өскемен қ.

6. "Жамбыл облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Жамбыл облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Тараз қ.

7. "Батыс Қазақстан облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау

жөніндегі комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Орал қ.

8. "Қарағанды облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Қарағанды қ.

9. "Қызылорда облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Қызылорда қ.

10. "Қостанай облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Қостанай облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Қостанай қ.

11. "Маңғыстау облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Ақтау қ.

12. "Павлодар облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Павлодар облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Павлодар қ.

13. "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне

Петропавл қ.

14. "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне  
Шымкент қ.

15. "Астана қаласы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне  
Астана қ.

16. "Алматы қаласы бойынша Индустрия, сауда және шағын бизнесті қолдау департаменті" мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша мемлекеттік қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне  
Алматы қ.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003                      жылғы                      18                      қыркүйектегі

№ 951 қаулысына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда  
министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті  
аумақтық бөлімшелерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Ақмола облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Көкшетау қ.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Ақтөбе қ.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Алматы облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Талдықорған қ.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Атырау облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау,

инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Атырау қ.

5. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Сәулет-құрылыс, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Өскемен қ.

6. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Жамбыл облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Тараз қ.

7. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Орал қ.

8. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Қарағанды қ.

9. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Қызылорда қ.

10. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Қостанай облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау Инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Қостанай қ.

11. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Ақтау қ.

12. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Павлодар облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Павлодар қ.

13. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы Сәулет-құрылыс бақылау, Инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Петропавловск қ.

14. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Шымкент қ.

15. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Астана қ.

16. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Алматы қ.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2003 жылғы 18 қыркүйектегі

№ 951 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне  
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншікті ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген бөлімдегі реттік нөмірлері 233, 234-жолдар алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірлері 276, 277-жолдармен толықтырылсын :

"Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне 276 "Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы" ААҚ 277 "Ұлттық тіркеу орталығы" ААҚ".

2. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі № 996 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., № 30, 330-құжат) 4-тармақ алынып тасталсын.

3. "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 қарашадағы N 1220 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж . , N 41 , 414 - қ ұ ж а т ) :

1) 1-тармақтың 8) тармақшасы алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті туралы ережеде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Комитеттің облыстар мен Астана және Алматы қалаларында құрылымдық аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) болады.";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Төраға лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік құрылыс инспекторы болып табылады.

Төрағаның орынбасарлары лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік құрылыс инспекторының орынбасарлары болып табылады.

Аумақтық бөлімшелердің басшылары тиісті облыстың (Астана, Алматы қалаларының) Бас мемлекеттік құрылыс инспекторлары болып табылады.";

18 - т а р м а қ т а :

3) және 4) тармақшалар "қызметкерлерін", "қызметшілеріне" деген сөздерден кейін тиісінше ", аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын", ", аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларына" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Комитеттің құрылымдық және аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді б е к і т е д і " ;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) құрылымдық және аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін үйлестіреді және бақылайды;"

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы ережеде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Комитеттің облыстар мен Астана және Алматы қалаларында мемлекеттік мекемелері - аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - аумақтық бөлімшелер) болады.";

17-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшылары тиісті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының стандарттау және өлшем құралдары бойынша нормативтік құжаттардың міндетті талаптарын сақталуын қадағалау жөніндегі

Бас мемлекеттік инспекторлары болып табылады.";

19 - тармақта :

2) және 3) тармақтар "қызметкерлерін" деген сөзден кейін ", аумақтық бөлімшелердің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын" деген сөздермен толықтырылсын ;

5) және 7) тармақшадағы "құрылымдық" деген сөзден кейін "және аумақтық" деген сөздермен толықтырылсын ;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің құрылымы мынадай редакцияда жазылсын :

" Б а с ш ы л ы қ

Сәулет, жобаларды техникалық сараптау және тұрғын үй саясаты басқармасы

Сәулет-құрылыс бақылау, инспекциялау және лицензиялау басқармасы  
Құрылыстағы техникалық нормалау және жаңа технологиялар басқармасы

Құрылыстағы экономикалық талдау және баға құрау басқармасы

Жұмыстарды қаржыландыру және бухгалтерлік есеп бөлімі

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің облыстық, Астана және Алматы қалаларының аумақтық бөлімшелері " ;

5) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің құрылымы мынадай редакцияда жазылсын :

" Б а с ш ы л ы қ

Ұйымдастыру-құқықтық жұмыстар және мемлекеттік қадағалау басқармасы  
Стандарттау, метрология, сертификаттау және техникалық саясат басқармасы  
".